

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 8 тамыздағы № 428 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15676 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 16-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тылы және қару-жарақ бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник

С. Жасұзақов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ж. Қасымбек
2017 жылғы 15 тамыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 8 тамыздағы
№ 428 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Әскери тасымалдар:

- 1) республикаішілік – Қазақстан Республикасының шегіндегі тасымалдар;
- 2) халықаралық – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тасымалдар болып бөлінеді.

3. Қазақстан Республикасының шегіндегі әскери тасымалдар:

- 1) теміржол көлігінде – облысаралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңына тасымалдар;
- 2) автомобильде және ішкі су көлігінде – облысаралық және ауданаралық (облысішілік қалааралық) тасымалдар.

4. Халықаралық әскери тасымалдар (халыралалық авиамаршруттармен тасымалдар) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес теміржол және әуе көліктерімен жүзеге асырылады.

5. Әскери жолаушының жол жүрісіне қажетті уақыт:

- 1) Қазақстан Республикасының шегінде – халықаралық қатынастар поездын қоспағанда, жолаушылар поездының қысқаша маршруты бойынша осы бағытта жол жүрісі уақытынан;

2) Қазақстан Республикасынан тысқары – жақын әуежайға дейін авиациялық қатынасы болмаған жағдайда авиациялық көліктің қысқаша маршруты бойынша жол жүрісі уақытынан айқындалады.

Қайта отырғызу маршруты болмаған жағдайда жол жүрісіне уақыт бір маршруттан (көлік түрінен) басқасына қайта отыруға қажет уақытты ескере отырып айқындалады.

Жол жүрісіне қажетті уақытты есептеу үшін бастапқы деректер қолданыстағы жолаушылар поездарының қозғалыс кестелері және әуе кемелерінің рейстері болып табылады.

Көрсетілген бағытта және кері қарай жол жүруге қажетті уақытты есептеу қосу жолымен тәулікпен (24 сағат) айқындалады, бұл ретте толық емес тәулік толық тәулікке дөңгелектенеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) әскери эшелон – бір пойызда, бір кемеді тасымалдау үшін ұйымдастырылған әскери бөлім, бір немесе бірнеше бөлімше;

2) әскери көлік – саны бір немесе одан көп вагонмен, контейнермен әскери жүктерді бір уақытта жөнелту;

3) әскери команда – тағайындау орнына әскери мүлікпен (оның ішінде қарумен және оқ-дәрілермен) немесе онсыз жылжитын саны екі және одан көп әскери қызметшілер тобы;

4) әскери қызметшінің отбасы мүшелері – зайыбы (жұбайы), ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқыту нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын (асырап алған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) жиырма үш жасқа толмаған балалары және жұбайының (зайыбының) балалары, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары (асырап алған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) және жұбайының (зайыбының) мүгедек балалары, әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары;

5) әскери талап (әскери тасымалдау құжаты) – теміржол көлігіндегі әскери тасымалдарды және ілесіп көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) ресімдеу үшін арналған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша қатаң есептіліктегі бланк (бұдан әрі – 1, 2 мен 3-нысандарындағы әскери талаптар);

6) ақтау құжаттары – жол жүру құжатының (билетінің) алынғаны немесе жүктің, жүк-багажының тасымалдануы іске асырылғаны фактісін куәландыратын құжат, бұл ретте: 1-нысандағы әскери талаптар бойынша – жол жүру құжаты (билет), 2-нысандағы

әскери талаптар бойынша – жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек, 3-нысандағы әскери талаптар бойынша – жүк-багаж түбіртегі ақтау құжаттары болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Әскери жолаушылардың тізбесі

7. Әскери жолаушыларға:

1) ҚР ҚК жоғары қолбасшылығы (жоғары командалық құрам);

2) әскерге шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер;

3) әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары мен кадеттері;

4) әскери қызметшілердің отбасы мүшелері;

5) ҚР ҚК азаматтық персонал адамдары;

6) әскери қызметтен шығарылған адамдар ("Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда) жатады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген адамдардан басқа, олар қызметтік автомобиль көлігінде немесе мемлекеттік авиация кемелерінде жол жүрген жағдайларда әскери жолаушыларға мыналар жатқызылады:

1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы (жұмыскерлері) – олар бірлескен оқу-жатығулар өткізу, төтенше жағдайларды жою, терроризмге қарсы операцияларды, жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу және төтенше немесе соғыс жағдайы шарттарындағы, сондай-ақ қарулы жанжал жағдайларындағы міндеттерді орындау аудандарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

2) әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері – оқыту бағдарламаларында көзделген далалық шығуларға, ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шараларға қатысу, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою орындарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

3) әскери оқу орындарының талапкерлері – оларды оқуға түсу емтихандарын тапсыру кезеңінде қызметтік автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде;

4) әскери-дипломатиялық корпустың адамдары, шет мемлекеттердің әскери қызметшілері, БҰҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, НАТО миссияларының және басқа да халықаралық ұйымдардың инспекторлары мен байқаушылары – олар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін халықаралық оқу-жаттығуларға, бірлескен іс-шараларға дайындалу және өткізу аудандарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

5) Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында білім алатын шет мемлекеттердің әскери қызметшілері – олар бөлімшемен бірге оқыту бағдарламаларында көзделген далалық шығуларға немесе іс-шараларға қатысу орындарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

6) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің, Үкіметінің мүшелері, Парламентінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері – олар әскери бөлімдерге, гарнизондарға бару, инспекциялау үшін немесе ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шараларға қатысу орындарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

7) денсаулық сақтау жұмыскерлері – олар медициналық көмек көрсету және стационарлық емдеу орнына науқастармен (жараланғандармен) бірге жүру үшін бөлімшелерге, әскери бөлімдерге жол жүрген кезде;

8) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері – олар ҚР ҚК-да құқық бұзушылықтар немесе қылмыстар фактілері бойынша жедел, тергеу іс-шараларын жүргізу аудандарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

9) мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыскерлері – олар ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шараларға қатысу, мәдени-демалыс іс-шараларын немесе түсірілімдерді, оның ішінде ҚР ҚК имиджін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу үшін әскери бөлімдерге, гарнизондарға, оқу-жаттығулар, далалық шығулар өткізу аудандарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде;

10) азаматтық адамдар – оларды төтенше жағдайларды жою аймақтарынан, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу, жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу аудандарынан, төтенше немесе соғыс жағдайы шарттарында, сондай-ақ қарулы жанжал жағдайларында эвакуациялау кезінде.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, Үкімет қаулылары, шешімдері, жоғары қолбасшылықтың бұйрықтары, нұсқаулары, өкімдері көрсетілген санаттағы әскери жолаушыларды тасымалдау үшін негіздер болып табылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда тұру салдарынан әскери қызметшілер мен ҚР ҚК азаматтық персоналдарының балалары әскери жолаушыларға

– олар қызметтік автомобиль көлігінде мектепке дейінгі және орта білім ұйымдарына дейін және кері қарай жол жүрген кезде жатады, бұл ретте тасымалдау үшін әскери бөлім командирінің, гарнизон бастығының бұйрығы негіздеме болып табылады.

2-параграф. Әскери жолаушылардың жол жүру ерекшеліктері мен шарттары

10. Әскери жолаушыларға мынадай жол жүру шарттары айқындалады:

1) теміржол көлігінде:

ҚР ҚК жоғары қолбасшылығы (жоғары командалық құрам) мен олардың отбасы мүшелеріне – кез келген санаттағы пойыздың жатын вагондарында және "Бизнес" класс вагондарында;

келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге, әскери қызметтен шығарылған адамдарға (Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда), олардың отбасы мүшелеріне, ҚР ҚК азаматтық персоналына – кез келген санаттағы пойыздың купе вагондарында және "Турист" класс вагондарында (осы тармақшаның күші 2017 жылғы 13 маусымнан кейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға қолданылады);

әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерге, курсанттарға, кадеттерге, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтен, әскери жиындардан шығарылған адамдарға – кез келген санаттағы пойыздың плацкарт вагондарында, ал плацкарт вагондарда қажетті орындар саны болмаған жағдайларда – әскери қатынастар органдарының қолбасшылығымен келісу бойынша купе вагондарда және "Турист" класс вагондарында;

2) ішкі су көлігінде:

ҚР ҚК жоғары қолбасшылығына (жоғары командалық құрамға), келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге, әскери қызметтен шығарылған адамдарға (Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда), олардың отбасы мүшелеріне, ҚР ҚК азаматтық персоналына – 1-санаттағы каюталарда (осы тармақшаның күші 2017 жылғы 13 маусымнан кейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға қолданылады);

әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерге, курсанттарға, кадеттерге, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтен, әскери жиындардан шығарылған адамдарға – 2-санаттағы каюталарда;

3) автомобиль көлігінде – кез келген қолайлылықтағы автобустарда.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әскери жолаушы теміржол көлігінде жол жүрген кезде кез келген санаттағы поездың қолайлығы төмен немесе жоғары вагонда жол жүру құжаты (билет) ресімделеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әскери жолаушының жол жүруіне қолайлылығы анағұрлым төмен вагондарда жол жүруге әскери талаптар бойынша жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу кезінде әскери жолаушы жол жүру құнының айырмашылығын алмайды.

13. Әскери талаптар бойынша әскери жолаушының жол жүруіне қолайлылығы анағұрлым жоғары вагондарда жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу (сатып алу) және қолма-қол есеп айырысу кезінде көрсетілген айырмашылықты төлеусіз (өтеусіз) жол жүру құнының айырмашылығы әскери жолаушының жеке қаражатынан алынады.

14. Қолма-қол есеп айырысуға сатып алынған жол жүру құжаттарын (билеттерді) қайта ресімдеу ескісін қайтару және жаңа жол жүру құжатын (билетін) ресімдеу арқылы билет кассаларында (жолаушылар агенттігінде) жүргізіледі.

15. Әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттарын қайта ресімдеу жүргізілмейді.

16. Жол жүрмейтін немесе тоқтатылған жағдайда әскери жолаушы жол жүру құжаттарын (билетті) билет кассасына (жолаушылар агенттігіне) қайтарады және пайдаланылмаған олар үшін төлемдерді алады.

17. Төлемдерді қайтару ол бойынша жол жүру құжаты ресімделген әскери жолаушының жеке басын растайтын бір құжатының түпнұсқасын ұсынған кезде тасымалдаушымен жүргізіледі.

18. Пайдаланылмаған жол жүру құжаттары (билеттері) үшін төлемдерді қайтару тәртібіне және жол жүру құжатын (билетті) сатып алу тәсіліне байланысты қолма-қол және қолма-қол емес есеп айырысумен тасымалдаушымен жүргізіледі.

19. Төлем карталары бойынша сатып алынған жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша төлемдерді қайтару төлем жүргізілген банк карт-шотына тасымалдаушымен жүргізіледі.

20. Әскери талаптар бойынша ресімделген пайдаланылмаған жол жүру құжаттары (билеттері) үшін төлемдерді қайтару Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҚМ) мен тасымалдаушы арасында жасасылған шарттардың ережелеріне сәйкес тасымалдаушымен жүргізіледі, бұл жағдайда әскери жолаушыға төлемдерді қайтару жүргізілмейді.

21. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Әскери бөлімнің қаржы бөлімшесі әскери талаптарды дұрыс толтырмаған жағдайларды қоспағанда, әскери жолаушы алған әскери талаптарды пайдаланбаған, сондай-ақ мыналардың:

- 1) әскери командаларды, қарауылдарды жөнелту;
- 2) әскери оқу орындарына, оның ішінде шетел оқу орындарына қабылданған әскери қызметшілердің кету (келу);
- 3) әскери қызметшілерді дәрігерлік комиссияның (емдеу дәрігерінің) қорытындысы бойынша әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерден (ұйымдардан) стационарлық емделуден шығару мерзімдері өзгерген жағдайда оларды қайта беру жүргізілмейді.

Әскери жолаушы әскери талаптарды жоғалтқан кезде жаңа әскери талаптар берілмейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-1. Мерзімді әскери қызметтен шығарылған жағдайларды қоспағанда, пайдаланылмаған әскери талаптар немесе пайдаланылған әскери талаптар бойынша ақтау құжаттары әскери бөлімнің қаржы бөлімшесіне қайтарылуға тиіс.

Әскери қызметші (әскери қызметтен шығарылған адам) басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына ауысқан кезде (келісімшарт бойынша әскери қызметтен шығарылған) пайдаланылмаған әскери талаптарды немесе пайдаланылған әскери талаптар бойынша ақтау құжаттарын ол ақшалай ризыққа қойылған әскери бөлімнің қаржы бөлімшесіне (ол әскери есепке қойылған жергілікті әскери басқару органына) тапсырады.

Ескерту. 2-параграф 22-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Әскери тасымалдарды төлеу тәртібі

23. Әскери тасымалдарды төлеу:

- 1) теміржол көлігінде – 1, 2 мен 3-нысандарындағы әскери талаптар бойынша, сондай-ақ қолма-қол емес және қолма-қол есеп айырысулар үшін;
- 2) басқа да көлік түрлерінде – қолма-қол емес және қолма-қол есеп айырысулармен жүзеге асырылады.

Әскери талаптар бойынша әскери тасымалдаулар үшін көрсетілетін қызметтерді төлеу және қолма-қол емес есеп айырысу, сондай-ақ орындарды броньдау және резервке қою бойынша қызметтерді төлеу заңнама шеңберінде көлік түрлеріндегі

ұйымдармен жасалған шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес орталықтандырылып республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, олармен бір уақытта әскери тасымалдарды орындауға байланысты көрсетілген қызметтер үшін қосымша алымдар төленеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Әскери жолаушы мемлекет есебінен жол жүру көзделген жағдайда жол жүру құжатын (билетті) өз қаражатына сатып алған жағдайда:

- 1) мерзімді әскери қызметтен және әскери жиыннан босатылған;
- 2) әскери бөлім орналасқан жерді өз еркімен тастап кеткенді, қамаққа алынғанды немесе сотталғанды қоспағанда, осы шығыс кейіннен төленуге тиіс.

Тұрақты жүретін қалалық (ауылдық), қала маңындағы және аудан ішіндегі автомобиль тасымалының, такси және қалалық рельстік көлік (метрополитен, трамвай, жеңіл рельстік және монорельстік көлік) тасымалының маршруты бойынша шығыс мемлекет есебінен төленбейді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Әскери жолаушыға жол жүргені үшін шығысты төлеу үшін негіздеме әскери жолаушы мынадай құжаттарды:

- 1) баянат (өтініш);
- 2) әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының әскери қызметшінің (әскери қызметтен шығарылған адамның) кеткені туралы бұйрығынан үзінді және қолына берілетін құжат (іссапар куәлігі, бару пункті көрсетілген демалыс билеті) көшірмесін;
- 3) пайдаланылмаған әскери талаптың түпнұсқасын, не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери жолаушы ақшалай жабдықталымда тұрған әскери бөлімнен (мекемеден) әскери талаптарды алмағаны туралы анықтаманы;
- 4) әскери жолаушының жеке қаражатына сатып алынған жол жүру құжатының (билеттің) түпнұсқасын ұсынғаннан кейін әскери қызметші ақшалай жабдықталымда тұрған әскери бөлім (мекеме) командирі немесе әскери жолаушы әскери есепке қойылған жергілікті әскери басқару органының басшысы шығарған бұйрық болып табылады.

Жеке қаражатқа сатып алынған жол жүру құжатының (билетінің) түпнұсқасы болмаған кезде жол жүргені үшін шығысты кейіннен төлеу сол маршрут бойынша жол жүрудің ең төмен құны бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидаларда мемлекет есебінен жол жүру көзделген жағдайларда жол жүру үшін шығыстарды төлеу:

1) әскери жолаушы ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде немесе әскери есепте тұрған жергілікті әскери басқару органында;

2) келесі қаржы жылының бірінші тоқсанында төленетін жылдың төртінші тоқсанында жүзеге асырылған жол жүру жағдайларынан басқа, әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының бұйрығы шығарылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының жол жүру үшін шығыстарды төлеу тұралы бұйрығының шығуына негіз болып табылатын құжаттар әскери тасымалдау жөніндегі іске тігіледі және бес жыл бойы сақталуға тиіс. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ жол жүру үшін шығыстарды төлеу заңдылығын тексеруден ерте емес, әскери тасымалдау жөніндегі іс белгіленген тәртіппен жойылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Әскери тасымалдауды ресімдеу тәртібі

27. Әскери талаптар бойынша әскери тасымалдарды ресімдеуді әскери қатынастар комендатуралары әскери коменданттарының (бұдан әрі – әскери коменданттар) әскери талаптың әрбір бланкісінде мөртаңбамен куәландырылған "ресімдеуге" деген жазбасы бар болған кезде билет (тауар, багаж) кассалары жүргізеді.

Әскери талаптар бойынша әскери жолаушылардың жол жүруін ресімдеу қысқаша маршрут бойынша жүргізіледі, қажетті бағытта теміржол қатынастары болмаған кезде ресімдеу әскери қатынастар органдарының қолбасшылығымен келісілген маршрут бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Осы жергілікті жерде әскери қатынастар комендатурасы (бұдан әрі – комендатура) болмаған кезде ресімдеуді билет (тауар, багаж кассалары байланыс құралдары арқылы әскери комендантпен келіскеннен кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Әскери талапты беруге бұйрықтың нөмірі мен күні, әскери талаптармен жабдықтау жөніндегі дербес шоттың нөмірі, қолы, берілген күні, елтаңбалы мөрі жоқ, елтаңбалы мөрінің бедері анық емес, түзетулермен, қосымша жазулармен, өшірулермен, дұрыс толтырылмаған немесе мерзімі өткен әскери талаптар жарамсыз деп саналады және ресімделмеуге тиіс.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Әскери талаптарда түзетулерді тек әскери коменданттар жөнелту станциясында немесе жүру жолында мыналар:

1) көрсетілген деректерді әскери жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттардағы деректермен салыстырғаннан кейін – әскери талаптарда көрсетілген әскери жолаушылардың тегінде бас әріптердің, сондай-ақ инициалдарының болуын немесе болмауын қоспағанда, екіден астам әріптің сәйкес келмеуі;

2) станциялардың атаулары орнына елді мекендердің атауларын көрсету немесе станциялардың атауларын дұрыс көрсетпеу;

3) көрсетілген ақылы әскери жолаушылар санының дұрыс болмауы;

4) қысқа маршруттың орнына анағұрлым ұзақ маршрутты көрсету анықталған жағдайларда жүзеге асырады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Әскери талаптардағы түзетулер әскери талаптың артқы жағына, сондай-ақ әскери жолаушының іссапар куәлігінде, нұсқамасында немесе демалыс билетінде жазба жазумен куәландырылады және әскери коменданттың қолтаңбасымен және мөрімен (мөртаңбасымен) расталады.

32. Жүру жолында әскери талаптарды ауыстыруды (беруді) тек әскери коменданттар, ал осы жергілікті жерде олар болмаған кезде әскери қатынастар органдары қолбасшылығының жазбаша рұқсатымен (телеграмма бойынша) жергілікті әскери басқару органдарының басшылары жүзеге асырады.

Оларда ақшалай ризықта тұрмайтын әскери қызметшілердің жол жүруін ресімдеу үшін әскери талаптарды әскери бөлімдер тек әскери қатынастар органдарының қолбасшылығымен келісілген жоғары қолбасшылықтың жазбаша нұсқаулары бойынша жүзеге асырады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жүріс жолында әскери талаптарды ауыстыру (беру) әскери жолаушының іссапар куәлігінде, нұсқамасында немесе демалыс билетінде әскери коменданттың (

жергілікті әскери басқару органы басшысының) жазба жасауымен куәландырылады, қолтаңбасымен және мөрмен (мөртаңбамен) расталады.

34. Ауыстырылған әскери талаптар комендатурада (жергілікті әскери басқару органында) қалады және әскери тасымалдар жөніндегі іске тігіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Әскери комендант (жергілікті әскери басқару органының басшысы) (осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери талаптарды беру немесе ауыстыру туралы жеделхатпен (телефонограммамен) әскери жолаушының қызмет орны бойынша әскери бөлімді хабарландырады.

36. Әскери эшелоннан, әскери көліктен, әскери командадан немесе қарауылдан қалып қойған әскери жолаушыға, онда оның жеке басын куәландыратын құжат, нұсқама (іссапар куәлігі), әскери талаптар немесе ақша қаражаты бар болған кезде сол бағытта жүретін кез келген санаттағы жолаушылар поездарына жол жүру құжаттары ресімделеді.

37. Әскери жолаушыда нұсқама (іссапар куәлігі), әскери талаптар және ақша қаражаты болмаған, бірақ оның жеке басын куәландыратын құжаттар бар болған кезде оған осы Қағидалардың 32, 35-тармақтарында белгіленген тәртіппен жаңа әскери талаптар беріледі.

38. Әскери жолаушыда оның жеке басын куәландыратын құжат болмаған кезде оған әскери талаптар берілмейді.

2-параграф. Әскери қызметке шақыру, әскерге шақырылушылар бар командаларға ілесіп жүру кезіндегі әскери қызметшілердің, мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілердің және әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің жол жүрулерін ресімдеу тәртібі

39. Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілердің (бұдан әрі – әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілер) және әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілердің, сондай-ақ запастағы офицерлердің жергілікті әскери басқару органдарының әскерге шақыру (жиын) пункттерінен әскери бөлімдерге дейін жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – жергілікті әскери басқару органы беретін әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша;

2) басқа да көлік түрлерінде – жоғары тұрған қолбасшылықтың нұсқауларына (өкімдеріне) сәйкес жүзеге асырылады.

40. Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметші немесе әскери міндетті теміржол көлігімен жол жүрген кезде әскери талап отыз адамға дейін жеткізуге бір

бланк есебінен беріледі, бұл ретте әскери талаптың "жеткізу мақсаты" деген жолында "әскерге шақыру" деп көрсетіледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Шақыру бойынша әскери қызметке шақырылған офицерлердің теміржол көлігінде жол жүрген кезде әскери талаптар әрбір әскери қызметшіге бөлек беріледі, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "әскерге шақыру" деп көрсетіледі.

42. Әскерге шақырылушылардың, сондай-ақ резервтегілердің тұрғылықты жерінен әскерге шақыру комиссиясына әскерге шақыру (жиын) пункттеріне дейін және, егер олар әскери қызметке шақырылмаса, тұрғылық жеріне кері қарай жол жүруі жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

43. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдардың тұрғылықты жерінен, жергілікті әскери басқару органынан қызмет өткеру орнына дейін жол жүруі келісімшарт бойынша әскери қызметке түсетін адамдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте жол жүргені үшін шығындар төленбейді.

44. Әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді және әскери міндеттілерді тасымалдау үшін көлік түрі жоғары тұрған қолбасшылықтың нұсқауларына, өкімдеріне сәйкес айқындалады.

45. Әскерге шақырылушылармен, әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілермен және әскери міндеттілермен бірге жүретін адамдардың (бұдан әрі – бірге жүрушілер) әскери бөлімдерден жергілікті әскери басқару органдарының әскерге шақыру (жиын) пункттеріне дейін және кері қарай жол жүруі іссапар шығындарына көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте бірге жүрушілердің жергілікті әскери басқару органдарының әскерге шақыру (жиын) пункттерінен әскери бөлімдерге дейін жол жүруі әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілердің және әскери міндеттілердің жол жүруіне көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

46. Жергілікті әскери басқару органдары бірге жүрушілердің жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу және нұсқау беру үшін команданы жөнелту уақытына дейін бір тәуліктен кешікпей комендатураларға келуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Бірге жүрушілердің жол жүруі үшін көлік түрін:

1) әскери бөлімнің орналасқан жерінен әскерге шақыру (жиын) пункттеріне дейін – әскери бөлімнің командирі;

2) әскерге шақыру (жиын) пункттерінен әскери бөлім орналасқан жерге дейін – жоғары тұрған қолбасшылықтың нұсқауларына, өкімдеріне сәйкес айқындалады.

Бірге жүрушілерге жол жүруге әскери талаптар берілмейді.

3-параграф. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің басқа жергілікті жерге жаңа қызмет өткеру орнына ауысу кезіндегі жол жүруін ресімдеу тәртібі

48. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасы шегінде басқа жергілікті жерге жаңа қызмет өткеру орнына ауысу кезіндегі жол жүруі теміржол көлігінде, ал ол жоқ жерде автомобиль немесе ішкі су көлігінде мынадай тәртіппен:

1) автомобиль немесе ішкі су көліктерінде – әскери қызметшіге ол жаңа қызмет орнына келгеннен кейін ақшалай ризыққа қойылған әскери бөлімде әскери қызметшінің шығындарын төлеумен оның қаражаты есебінен;

2) теміржол көлігінде – әскери қызметшіні бір уақытта әскери бөлімнің тізімдерінен шығарумен және ақшалай аттестатты берумен әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте әскери қызметшінің өзіне немесе отбасы мүшелерімен бірлесіп жол жүруге берілген әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "жаңа қызмет орнына" деп көрсетіледі, ал берілген әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері әскери қызметшінің нұсқамасында және ақшалай аттестатында көрсетіледі.

49. Отбасы мүшелерінің жол жүруін ресімдеуге арналған әскери талаптарды жеке бланктерде беруге рұқсат беріледі, бұл ретте:

1) 3 жолда олардың туыстық дәрежесін және жеке басын куәландыратын құжаттардағы деректерге сәйкес балаларының туған күндерін көрсетумен отбасы мүшелерінің тектері мен аты-жөнінің бас әріптері;

2) "тасымалдау мақсаты" деген жолда "зайыбының (жұбайының) жаңа қызмет орнына" деп көрсетіледі, ал отбасы мүшелерінің жол жүруіне берілген әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері әскери қызметшінің нұсқамасында және ақшалай аттестатында көрсетіледі.

Отбасы мүшелерінің жол жүруін ресімдеуге арналған әскери талаптар әскери қызметші өзі ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімнің қарсы бөлімшесіне жеке құрамның есебін жүргізетін бөлімшеден отбасы құрамы туралы анықтаманы ұсынғаннан кейін беріледі.

50. Отбасының екі мүшесі де әскери қызметшілер болып табылған жағдайда әскери талаптар екеуінің біреуіне ол ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде қаржы бөлімшесіне мыналарды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды есепке алуды жүргізетін бөлімше беретін отбасы құрамы туралы анықтаманы;

2) зайыбы (жұбайы) ақшалай ризықта тұрған әскери бөлім беретін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери талаптарды алмағаны туралы анықтаманы ұсынғаннан кейін беріледі.

51. Әскери талапты алмағаны туралы анықтама беру үшін негіздеме басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына ауыстырылған әскери қызметші зайыбының (жұбайының) баянаты бойынша әскери бөлім командирінің бұйрығы болып табылады. Анықтамаға әскери бөлімнің командирі қолтаңба қояды және елтаңбалық мөрмен расталады.

52. Әскери талапты алмағаны туралы анықтама берілгеннен кейін, сондай-ақ әскери қызметшіні әскери бөлім тізімдерінен шығарғаннан кейін әскери талаптар беруге жол берілмейді.

53. Анықтама ұсынылатын әскери бөлімнің қаржы бөлімшесі оны әскери тасымалдар жөніндегі іске тігеді. Егер әскери қызметші зайыбының (жұбайының) қызмет орнынан әскери талапты алмағаны туралы анықтаманы ұсынбаған жағдайда әскери талаптар тек әскери қызметшінің өзіне жол жүруін ресімдеу үшін беріледі.

54. Әскери оқу орындарын, сондай-ақ шетел оқу орындарын аяқтаған келісімшарт бойынша әскери қызметшілер отбасы мүшелерінің жол жүруі әскери қызметші оқыған әскери оқу орнының орналасқан жерінен немесе әскери қызметшінің баянатында көрсетілген Қазақстан Республикасының шегіндегі олардың тұрғылықты жерінен жаңа қызмет орнына дейін жүзеге асырылады.

55. Басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына және кері қарай мерзімді қызмет әскери қызметшілерімен бірге жүретін адамдардың жол жүруі іссапар шығыстарына көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Әскери қызметшілердің оқуға жіберу кезіндегі жол жүруді ресімдеу тәртібі

56. Уәкілетті орган әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарына және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім алу бағдарламасын іске асыратын басқа ұйымдарға оқуға жіберген кезде, сондай-ақ оқу аяқталғаннан кейін олардың жол жүруі теміржол көлігінде, ал ол болмаған кезде – автомобиль немесе ішкі су көліктерінде жүзеге асырылады.

57. Әскери оқу орындарына және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім алу бағдарламасын іске асыратын басқа ұйымдарға түсу емтихандарына дайындалу және оны тапсыру, сондай-ақ философия докторы (PhD) және бейін бойынша доктор ғылыми дәрежелерін іздену үшін жоғары командалық құрамның және келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің қызмет өткеру орнынан қабылдау комиссиясы орналасқан орынға дейін және кері қарай жол жүруі олардың жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте жол жүргені үшін шығындар төленуге жатпайды.

58. Әскери оқу орнына түсу емтихандарына дайындалу және оны тапсыру үшін мерзімді қызмет әскери қызметшісінің қызмет өткеру орнынан қабылдау комиссиясы орналасқан орынға дейін және кері қарай жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – ол ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "ӘОО-ға түсу", кері қарай – "қызмет орнына" деп көрсетіледі, ал берілген әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері әскери қызметшінің нұсқамасында көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көлігінде – әскери оқу орындарына түскен жағдайда әскери қызметшінің өз қаражаты есебінен, ал түспеген жағдайда – ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде шығындарды төлеумен:

59. Әскери бөлімнің тізімдерінен шығара отырып, әскери оқу орнына қабылданған әскери қызметшінің жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – ол ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "оқу орнына" деп көрсетіледі, ал берілген әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері әскери қызметшінің нұсқамасында көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көлігінде – әскери оқу орнындағы шығындарды төлеумен әскери қызметшінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

60. Әскери оқу орнын бітірген әскери қызметшінің жол жүруі:

1) Әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "жаңа қызмет орнына" деп көрсетіледі, ал берілген әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері әскери қызметшінің нұсқамасында көрсетіледі.

Бұл жағдайда әскери талаптарды:

әскери оқу орны – оқу орнынан әскери қызметші қарамағына жіберілген әскери басқару органы орналасқан орынға дейін жол жүруге;

әскери басқару органы – ол орналасқан орыннан әскери қызметшінің жаңа қызмет орнына дейін жол жүруіне береді.

2) автомобиль және ішкі су көлігінде – әскери қызметші ақшалай ризыққа қабылданған әскери бөлімде шығындарды төлеумен әскери қызметшінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда шығындар оқу орнынан әскери қызметші қарамағына жіберілген әскери басқару органы орналасқан орынға дейін және әскери басқару органы орналасқан орыннан әскери қызметшінің жаңа қызмет орнына дейін жол жүргені үшін төленеді.

61. Әскери қызметшілерді шетел оқу орындарына қабылдаған кезде және оларды бітіргеннен кейін олардың мемлекет есебінен жол жүруі, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге тәртіп көзделмесе:

1) теміржол көлігінде қызмет өткеру орнынан ұшу (орнына) әуежайына дейін, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "оқу орнына" деп көрсетіледі;

2) әуе көлігінде қызмет өткеру орнынан (ұшу орнынан) оқу орнына дейін және кері қарай жүзеге асырылады.

62. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ұйымына курстық даярлыққа, семинарға, біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға, жетілдіруге және мамандандыруға, сондай-ақ интернатурадан өту үшін жіберген кезде әскери қызметшінің жол жүруі әскери талап бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте әскери талаптың "жеткізу мақсаты" деген жолында "оқу орнына" деп көрсетіледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Әскери оқу орындарында білім алатын әскери қызметшілердің тағылымдамаға оқу орнынан тағылымдамадан өту орнына дейін және кері қарай жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – ол әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "тағылымдама" деп көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көліктерінде – олар әскери оқу орнында шығындарды төлеумен өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

64. Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында білім алатын әскери қызметшілердің шетел мемлекеттеріне тағылымдамаға және кері қарай жол жүруі, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге тәртіп көзделмесе мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Шетел мемлекеттерінде тағлымдамаға жол жүру үшін көлік түрін жоғары басшылық айқындайды.

65. Шетел оқу орнында білім алатын әскери қызметшінің Қазақстан Республикасына тағылымдамаға және кері қарай жол жүруі, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзге тәртіп көзделмесе:

1) алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) теміржол көлігінде – әскери басқару органы орналасқан орыннан тағылымдамадан өту орнына дейін, тағылымдамадан өту орнынан ұшу (орнына) әуежайына дейін осы әскери басқару органы берген әскери талаптар бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "тағылымдама" деп көрсетіледі.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, курсанттар мен кадеттерді қоспағанда, әскери қызметшілерді әскери оқу орындарына, оның ішінде шетел оқу орындарына қабылдаған кезде және оларды бітіргеннен кейін олардың отбасы мүшелерінің жол жүруі осы Қағидалардың 54, 59, 61-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің теміржол көлігінде жол жүруіне әскери талаптар берілген кезде "тасымалдау мақсаты" деген жолда "жұбайының (зайыбының) оқу орнына" деп көрсетіледі.

67. Отбасы мүшесінің екеуі де әскери қызметшілер болып табылған жағдайда әскери талаптарды беру осы Қағидалардың 50-53-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5-параграф. Әскери қызметшілердің емделуге жол жүрун ресімдеу тәртібі

68. Әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының шегінде әскери-медициналық бөлімшенің жолдамасы бойынша стационарлық емдеу орнына, оның ішінде әскери-дәрігерлік (ұшу) комиссиядан өту үшін қызмет өткеру орнынан емдеу орнына жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – ол әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "емделуге" деп көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көліктерінде – әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде шығындарды төлеумен өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Әскери қызметшінің Қазақстан Республикасы шегінде стационарлық емдеу орнынан, сондай-ақ медициналық, әскери-дәрігерлік (ұшу) комиссиядан өту орнынан қызмет өткеру орнына дейін жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – әскери-медициналық бөлімше беретін әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "емделуден" деп көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көлігінде – әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде кейіннен шығысты төлеумен өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Әскери қызметшінің емделуді жалғастыру үшін бір емдеу мекемесінен басқасына Қазақстан Республикасы шегінде жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – әскери-медициналық бөлімше беретін әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "емделуге" деп көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көлігінде – әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде кейіннен шығысты төлеумен өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Әскери қызметші емдеу мекемесіне және кері қарай жол жүрген, бір емдеу мекемесінен екіншісіне ауысқан кезде бірге жүрушілерге мұқтаж болған жағдайда бірге жүрушілер іссапар шығындарына көзделген қаражат есебінен жүретін жолдың екі жағына тасымалданады.

72. Медициналық, әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша немесе әскери бөлім дәрігерінің қорытындысы бойынша оқшаулауды қажет ететін әскери қызметшінің теміржол көлігінде жол жүруі кез келген санаттағы пойыздардың жеке купесінде бірге жүрушілермен бірге жүзеге асырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Әскери қызметшінің стационарлық емдеу орнына дейін жол жүруіне (тасымалдануына) көлік түрін әскери бөлімнің, әскери-медициналық (медициналық) бөлімшенің (ұйымның) дәрігері айқындайды.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 29.06.2022 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Әскери қызметшілердің амбулаторлық емделуге, оңалту курстарына жол жүруі әскери қызметшілердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте жол жүру үшін шығындар төлеуге жатпайды.

75. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Оқу-жаттығуларға, далалық шығуларға (теңізге шығуларға), әскерлер парадына және кері қарай жол жүруді ресімдеу тәртібі

76. Әскери қызметшілердің далалық шығуларға (теңізге шығуларға), оқу-жаттығуларға, әскерлер парадына (бұдан әрі – ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шаралар) және кері қарай жол жүруі Қазақстан Республикасы шегінде:

1) теміржол көлігінде – бір әскери талап отыз адамға дейін тасымалдауға есебінен әскери қызметшілер ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында тиісінше "далалық шығу", "оқу-жаттығулар", "парад" деп көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көліктерінде – жоғарғы қолбасшылықтың нұсқауларына, өкімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери қызметшілердің ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шараларға қатысу үшін және кері қарай жол жүруі үшін көлік түрі жоғарғы қолбасшылықтың нұсқауларымен, өкімдерімен айқындалады.

77. Әскери қызметшілердің ҚР ҚК жоспарлары бойынша іс-шараларға қатысу үшін және кері қарай халықаралық тасымалдармен жол жүруі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Әскери қызметшілердің төтенше жағдайларды жоюға, терроризмге қарсы операцияларға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларға, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу, төтенше немесе соғыс жағдайында, сондай-ақ қарулы жанжалдар жағдайларында міндеттерді орындау үшін жол жүруді ресімдеу тәртібі

79. Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдайларды жоюға, терроризмге қарсы операцияларға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларға, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу, төтенше немесе соғыс жағдайында, сондай-ақ қарулы жанжалдар жағдайларында міндеттерді орындау үшін жол жүруі (тасымалдануы):

1) теміржол көлігінде – әскери эшелондар, әскери көліктер, әскери командалар құрамында;

2) автомобиль және ішкі су көліктерінде – жоғарғы қолбасшылықтың нұсқауларына (өкімдеріне) сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілген жағдайларда әскери қызметшілердің жол жүруі (тасымалдануы) үшін көлік түрін жоғарғы қолбасшылық айқындайды, бұл ретте жол жүруді (тасымалдауды) төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады.

8-параграф. Әскери қызметшілердің демалыстарға жол жүруді ресімдеу тәртібі

80. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Біріккен штабында қызмет өткеретін әскери қызметші мен оның отбасы мүшелерін қоспағанда, жоғарғы қолбасшылықтың (жоғары командалық құрамның) және келісімшарт бойынша әскери қызметшінің демалыс өткізу орнына және кері қарай жол жүруі олардың жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте жол жүру үшін шығыс кейіннен төленбейді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің қысқа мерзімді демалыстарға қызмет өткеру орнынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы әскери оқу орындарының (әскери факультеттерінің) курсанттары мен кадеттерінің каникулдық демалыстарға оқу, тағылымдамадан өту орнынан Қазақстан Республикасы шегінде демалысты өткізу орнына дейін және кері қарай жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде, әскери оқу орнында берілген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "демалыс" деп көрсетіледі, ал берілген әскери талаптардың нөмірлері демалыс билеттерінде көрсетіледі;

2) автомобиль және ішкі су көліктерінде – олар ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде, әскери оқу орнында шығындарды төлеумен өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

82. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің демалысты өткізудің бірнеше орындарында болуына қарамастан, әскери талаптар тек демалыс билетінде көрсетілген орынға дейін (орыннан) беріледі.

83. Егер шетел оқу орнында білім алатын курсант тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасы шегінде өткізілетін демалысқа және одан әрі оқу орнына кеткен жағдайда оның жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – әскери басқару органы берген әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша, тағылымдамадан өту орнынан демалысты өткізу орнына дейін, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "демалыс" деп көрсетіледі;

2) әуе көлігінде – демалысты өткізу орнынан (ұшу әуежайынан (орыннан) оқу орнына дейін жүзеге асырылады.

84. Әскери оқу орындарын бітірген әскери қызметшілердің демалысқа жол жүруі өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда демалысты өткізу орнына дейін жол жүруге әскери талаптар берілмейді және шығындардың төлеу жүргізілмейді.

9-параграф. Әскери қызметтен шығарылған адамдардың жол жүруін ресімдеу тәртібі

85. Әскери қызметтен шығарылған адамдардың (Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша шығарылғандарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының шегінде таңдалған тұрғылықты жеріне, әскери есепке қойылатын жерге жол жүруі әскери талаптар бойынша ресімделген жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша теміржол көлігінде жүзеге асырылады (осы тармақтың күші 2017 жылғы 13 маусымнан кейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға қолданылады).

Босатылғандар ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде әскери бөлімнің тізімінен шығарылуымен бірге әскери талаптар беріледі, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "босату" деп, ал берілген әскери талаптың нөмірі нұсқамада көрсетіледі.

Әскери бөлімнің тізімінен шығарылған әскери қызметтен шығарылған адамға босатылғаннан кейін әскери талап беру жүргізілмейді.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Әскери қызметтен шығарылған адамдардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс таңдалынған тұрғын жерге жол жүруі оның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады және одан әрі төлеуге жатпайды.

87. Алынған әскери талаптар белгіленген қолдану мерзімі кезеңінде пайдаланылмаған жағдайда пайдаланылмағандардың орнына жаңа әскери талаптарды қайта беру жүргізілмейді.

88. Отбасы мүшесінің екеуі де әскери қызметшілер болып табылған жағдайда, бұл ретте екеуі де немесе екеуінің біреуі әскери қызметтен шығарылса, әскери талаптар екеуінің біреуіне осы Қағидалардың 50-53-тармақтарында айқындалған тәртіппен беріледі.

10-параграф. Қарауылдардың жол жүруін ресімдеу тәртібі

89. Қарауылдың жол жүруі:

1) теміржол көлігінде – кез келген санаттағы поездың жеке купесінде, әскери қызметші ақшалай жабдықталымда тұрған әскери бөлімде берілген әскери талап бойынша ресімделген жол жүру құжаты (билет) бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте әскери талап әрбір әскери қызметшіге бөлек беріледі, әскери талаптың "жеткізу мақсаты" деген жолында "қарауыл" деп көрсетіледі;

2) автомобиль көлігінде – гарнизон шегінде қызметтік автомобиль көлігінде, гарнизондар арасындағы арақашықтық екі жүз километрден аз болған немесе осы жергілікті жерде теміржол көлігі болмаған кезде;

3) теңіз және ішкі су көлігінде – кеменің жеке каютасында.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Қарауылдардың жол жүруіне көлік түрі жоғарғы қолбасшылықтың нұсқауларымен (өкімдерімен) айқындалады.

Қарауылдарды ресімдеуге және олардың:

1) теміржол көлігінде – электр поездарының вагондарында;

2) қалалық рельстік көлікте (метрополитендерде, трамвайларда, жеңіл рельстік және монорельстік көлікте);

3) автомобиль көлігінде – қызметтік автомобиль көлігімен тасымалдауды қоспағанда, автомобильдік тасымалдардың барлық түрлерімен;

4) ішкі су көлігінде – экскурсиялық кемелермен жол жүруіне рұқсат етілмейеді.

11-параграф. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты тасымалдауды және оны алып жүру кезінде адамдардың жол жүруін ресімдеу тәртібі

91. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты жерлеу жеріне тасымалдау тек бірге жүрушілер болған кезде ғана жүзеге асырылады.

92. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты алып жүретін адамдардың жерлеу орнына дейін және кері қарай теміржол, автомобиль және ішкі су көлігінде жол жүруі іссапар шығындарына көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

93. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты жерлеу орнына дейін теміржол көлігінде тасымалдауға бірге жүрушілердің біреуіне 3-нысандағы әскери талап беріледі, бұл ретте әскери талаптың мынадай жолдарында:

"Жүк (көрсетілетін қызметтердің) атауында" деген бағанада "жүк – 300" деп көрсетіледі;

"Жүк салмағы" деген бағанада "300 кг" деп көрсетіледі.

94. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты тасымалдау және оны жерлеу орнына дейін және кері қарай қызметтік автомобиль көлігінде алып жүретін адамдардың жол жүруі әскери бөлім командирінің, гарнизон бастығының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

95. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытты тасымалдау үшін әуе көлігін қоспағанда, көлік түрін әскери бөлім командирі, жергілікті әскери басқару органының басшысы айқындайды.

96. Курсанттардың, кадеттер мен мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің отбасы мүшелерін қоспағанда, қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің мемлекет есебінен таңдалған тұрғылықты жеріне жол жүруі Қазақстан Республикасы шегінде теміржол көлігінде бір реттен артық емес және әскери қызметшінің қайтыс болған (қаза тапқан) күнінен бір жылдан кешіктірілмей жүзеге асырылады. Осы жағдайда отбасы мүшесінің бір адамы әскери бөлімнің командиріне әскери талапты беру туралы жазбаша арыз береді.

97. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің жол жүруін ресімдеу үшін әскери талаптар қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші ақшалай ризықта тұрған әскери бөлімде арызданушы шағымдану мезетінен бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, бұл ретте әскери талаптың "тасымалдау мақсаты" деген жолында "қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасы" деп көрсетіледі.

12-параграф. Әскери эшелондар мен әскери көліктерді ресімдеу тәртібі

98. Әскери эшелондар мен әскери көліктерді теміржол көлігінде әскери талаптар бойынша ресімдеу жөнелту және баратын станцияларда тауар кассаларында жүзеге асырылады.

99. Жөнелту станцияларында:

1) карауылдар жеке құрамының адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған вагондарда жол жүруі;

2) әскери жүктерді жүк вагондарында, контейнерлерде тасымалдау ресімделеді.

Бұл ретте әскери жүкті және оны алып жүретін карауылды ресімдеу әскери талаптың бір бланкімен жүзеге асырылады.

100. Баратын станцияларда халықаралық тасымалдарға (ҚР ҚК мұқтажы үшін әскери жүктердің келіп түсуі немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ҚР ҚК-ның іс-шараларға қатысуына байланысты) ресімделуге рұқсат беріледі.

101. Әскери эшелондар жеке құрамының жолаушылар вагондарында жол жүруін ресімдеу баратын станцияда билет кассасында, ал ол болмаған кезде жолаушылар операцияларын жүргізу үшін ашылған ең жақын станцияның билет кассасында жүзеге асырылады.

102. Әскери эшелон бастығы жолаушылар вагондарына:

1) Билет кассасында – әртүрлі жиындардың түбіртектерін;

2) Жолсеріктен – қабылдау-беру актісін алады, актіге қол қояды және бір данасын (көшірмесін) әскери бөлімнің қаржы бөлімшесіне тапсырады.

103. Әскери эшелон жеке құрамды тасымалдауға әскери талаптарды беруді жүргізбейді.

4-тарау. Әскери талаптар

1-параграф. Әскери талаптардың нысандары, оларды дайындау, беру, ресімдеу, түзету немесе ауыстыру тәртібі

104. 1, 2 мен 3-нысандарындағы әскери талаптар:

1) 1-нысандағы әскери талап – кез келген санаттағы пойыздарда әскери жолаушының, әскери команданың жол жүру құжаттарын (билеттерді) және қосалқы көрсетілетін қызметтерді ресімдеу үшін;

2) 2-нысандағы әскери талап – әскери эшелондарды, әскери көлікті, әскери жүктерді, ҚР ҚМ жылжымалы мекемелерін тасымалдауды, сондай-ақ қосалқы және қосымша көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде ҚР ҚМ меншікті жолаушылар вагондарына қызмет көрсету және оған ілесіп жүру бойынша көрсетілетін қызметтерді ресімдеу үшін;

3) 3-нысандағы әскери талап – әскери жүктерді (әскери мүлікті) багажбен және жүк-багажбен тасымалдауды ресімдеу үшін арналған.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Әскери талаптардың бланкілері әскери қатынастар органдары қолбасшылығының өтінімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасында дайындалады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Осы Қағидамен көзделген барлық жағдайларда, әскери билеттерді беру үшін негіздеме әскери бөлім командирінің, әскери басқару органы басшысының бұйрығы болып табылады. Берілген әскери талаптардың қолданылу мерзімі олар берілген күннен бастап жол жүру құжатын (билетті) алған күніне дейін есептелетін екі айды құрайды.

107. Әскери талаптарды есепке алуды, сақтауды, беру, жол жүру үшін шығысты мемлекет есебінен төлеу және өз мүлкін тасымалдау үшін ақша төлеу заңдылығын тексеруді (бұдан әрі – тексеру) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасары бекіткен жылдық тексеру жоспары негізінде әскери қатынастар органы берген нұсқамалар бойынша акті жасаумен әскери қатынастар органының өкілдері жүргізеді.

Ақшалай ризықта жоғары қолбасшылықтың лауазымды адамдары (жоғары командалық құрам) тұратын әскери бөлімдерде және әскери оқу орындарында тексеруді әскери қатынастар органының өкілдері ҚР ҚМ ішкі аудит органының өкілдерімен бірлесіп жүргізеді.

Әскери қатынастар органының қолбасшылығы жоспардан тыс тексеруді мынадай:

1) әскери талаптар бланкілерін жоғалту, ұрлау немесе жетіспеу фактілері туралы ақпарат келіп түскен;

2) әскери бөлімнің, жергілікті әскери басқару органының дербес шотын жапқан;

3) алда болатын әскери бөлімді таратқан, қайта құрған, әскери қатынастар органының өкілдерін тиісті комиссия құрамына қосумен әскери бөлім командирлері, жергілікті әскери басқару органының басшылары істер мен лауазымын қабылдаған, тапсырған жағдайда тағайындайды.

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін әскери қатынастар органының қолбасшылығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарының мекенжайына анықталған бұзушылық туралы баяндауды, ал тексеру барысында жоғалту, ұрлау немесе жол жүру үшін шығысты мемлекет есебінен заңсыз төлеу фактісі анықталған жағдайда дереу ұсынады.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Әскери талаптардың бланкілерімен жабдықтау

108. Әскери талаптардың бланкілерімен республикалық бюджет есебінен қамтылған және әскери талаптар бланкілерімен жабдықталуға дербес шоты бар әскери бөлімдер, жергілікті әскери басқару органдары жабдықталады.

Әскери бөлімді, жергілікті әскери басқару органын әскери талаптардың бланкілерімен жабдықтауға дербес шотты әскери қатынастар органдарының қолбасшылығы береді.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Әскери талаптың бланкісімен жабдықтауды әскери бөлімнің, жергілікті әскери басқару органының негізделген өтінімі бойынша жылдық айналым туралы деректерге сәйкес әскери қатынастар басқармасы жүзеге асырады.

Әскери талаптың бланкісімен жабдықтау кезінде әскери қатынастар басқармасы әскери бөлімнің, жергілікті әскери басқару органының өкілімен есептік және бухгалтерлік деректерді салыстырып тексереді.

Әскери талаптың бланкісін әскери бөлім, жергілікті әскери басқару органы арасында ауыстыру әскери қатынастар органының қолбасшылығы берген наряд негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Әскери талаптардың бланкілерін тексеру және кіріске алу үшін әскери бөлім командирі, жергілікті әскери басқару органының басшысы ішкі тексеру комиссиясын тартады.

Ішкі тексеру комиссиясы әскери талаптар бланкілерінің әр парағын тексеруді жүргізеді, тексеру және кіріске алу нәтижелері бойынша әскери талаптар бланкілерінің серияларын, нөмірлері мен санын көрсетіп, акт жасайды.

Кіріске алу актісін әскери бөлімнің командирі, жергілікті әскери басқару органының басшысы бекітеді және оның бір данасы әскери тасымалдау жөніндегі іске тігіледі.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Әскери бөлімді, жергілікті әскери басқару органын таратқан, қайта құрған немесе дербес шотын жапқан жағдайларда пайдаланылған әскери талаптардың түбіртектері ақтау құжаттарымен бірге, пайдаланылмаған және бүлінген әскери талаптар бланкілері, сондай-ақ әскери тасымалдау жөніндегі істер әскери қатынастар органдарының өкілдері оларды тексергеннен кейін:

1) сақтау мерзімі аяқталған – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – әскери талаптарды жою актісі) есептен шығарылады және әскери талаптарды жою актісін жасаумен жойылады;

2) сақтау мерзімі аяқталмаған – жоғары тұрған әскери басқару органының қаржы бөлімшесіне одан әрі сақтау үшін жолданады.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Осы Қағидалардың 111-тармағында көрсетілген жағдайларда, басталмаған әскери талаптар бланкілерінің кітапшалары белгіленген тәртіппен әскери қатынастар органдары қолбасшылығының мекенжайына жолданады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Есепке алу деректерінің әскери талаптардың нақты қолда барымен айырмашылығы бар болған жағдайда сомадағы айырмашылық Қазақстан

Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен кінәлі адамдардан өндіріп алуға жатады.

3-параграф. Әскери талаптардың бланкілерін есепке алу

114. Әскери талаптарды есепке алу бланкілері осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша әскери талаптар бланкілерінің қозғалысын есепке алу кітабында жүргізіледі.

Әскери талаптар бланкілерінің қозғалысын есепке алу кітабында бланкілер шығысының қалдығы тоқсан сайын шығарылады. Әскери талаптар бланкілерінің шығысы олардың сериялары мен нөмірлерін сақтай отырып жүргізіледі.

115. Әскери талаптарды алуға, есепке алуға, сақтауға және беруге жауапты болып әскери бөлім командирінің бұйрығымен қаржы бөлімшесінің бастығы немесе әскери қызметшілер қатарынан оған бағынысты адам тағайындалады.

116. Әскери талаптарды алуға, есепке алуға, сақтауға және беруге жауапты адам күнтізбелік 10 тәуліктен артық мерзімге демалысқа, қызметтік іссапарға, емделуге, оқуға немесе басқа да себептер бойынша кеткен кезде әскери талаптар бланкілерін әскери бөлім бойынша бұйрықпен уақытша тағайындалған қаржы бөлімшесінің бастығына бағынысты акті бойынша әскери қызметшілер қатарынан басқа адамға беріледі.

117. Әскери талаптарды алуға, есепке алуға, сақтауға және беруге жауапты жаңа қызмет орнына ауысқан немесе қызметтен шығарылған кезде актіні жасай отырып, әскери бөлімнің ішкі тексеру комиссиясы әскери талаптарға тексеру жүргізеді.

118. Әскери талаптар бланкілерінің бар болуы оларды беру және тексеру кезінде әр парақ бойынша тексеріледі.

119. Әскери талаптар бланкілерін беру актісінде және бланкілердің қозғалысын есепке алу кітабында пайдаланылмаған, берілген және бүлінген бланкілердің саны, олардың сериялары мен нөмірлері, сондай-ақ мемлекетке келтірілген өндіріп алынбаған залал сомасы көрсетіледі.

120. Есепті жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әскери талаптарды алуға, есепке алуға, сақтауға және беруге жауаптылар әскери талаптар бланкілерінің қозғалысын есепке алу кітабында:

1) есепті жылдың 1 қаңтарына сериялары мен нөмірлері бойынша әскери талаптар бланкілерінің қалдығы;

2) есепті жыл ішінде сериялары мен нөмірлері бойынша әскери талаптар бланкілерінің келіп түскені;

3) есепті жыл ішінде сериялары мен нөмірлері бойынша әскери талаптар бланкілерінің жұмсалғаны, оның ішінде бүлінгені;

4) есепті жылдың соңында сериялары мен нөмірлері бойынша әскери талаптар бланкілерінің бар болуы туралы белгілер жасайды.

Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери талаптар бланкілерінің қозғалысы бойынша есеп беру жыл сайын әскери қатынастар органдары қолбасшылығының мекенжайына ұсынылады.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120-1. Әскери талапты дұрыс есепке алуды тексеруді осы Қағидаларға 127-1-тармаққа сәйкес ішкі тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 120-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Әскери талаптардың бланкілерін сақтау, есептен шығару және жою

121. Әскери талаптар әскери бөлімдердің қаржы бөлімшелерінің қызметтік үй-жайларында құлыпқа жабылатын және мөрленетін металл шкафтарда (сейфтерде) сақталады.

Әскери талаптарға рұқсатнама тек осы құжаттар үшін жауапты әскери бөлім бойынша бұйрықпен тағайындалған адамға рұқсат етіледі.

122. Пайдаланылған әскери талаптардың түбіртектері ақтау құжаттарымен бірге, пайдаланылмаған және бүлінген әскери талаптардың бланкілері тиісті кітапшадан соңғы бланк берілген күннен бастап осындай тәртіппен бес жыл бойы сақталады.

Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ әскери қатынастар органдары өкілдерінің оларды тексеруінен ерте емес, ішкі тексеру комиссиясы, әскери талаптарды жою актісін жасаумен есептен шығарады және жояды.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Бір уақытта бүлінген әскери талаптар мен олардың түбіртектері жойылады. Актіде жойылған құжаттардың атауы, олардың саны, сериялары мен нөмірлері, сондай-ақ олар берілген уақыт ішіндегі кезең көрсетіледі.

124. Әскери бөлімнің балансынан әскери талаптарды есептен шығару жою актісі негізінде жүргізіледі.

125. Акт бір данада жасалады, әскери бөлімнің командирі бекітеді және бес жыл ішінде әскери бөлімнің істерінде сақталады, одан кейін жойылады.

126. Актінің нөмірі мен күні, жойылған әскери талаптар бланкілерінің нөмірлері бланкілер қозғалысын есепке алу кітабында көрсетіледі.

127. Әскери талаптардың бланкілері жоғалған, ұрланған немесе жетіспеген кезде әскери бөлімнің командирі:

1) әскери қатынастар органдарының қолбасшылығына, өзінің тура бастықтарына және гарнизонның әскери полиция органдарына жоғалған әскери талаптар бланкілерінің сериялары мен нөмірлерін көрсете отырып, оларды жоғалту, ұрлау немесе жетіспеу фактісі туралы дереу хабарлайды;

2) қызметтік тергеп-тексеруді тағайындайды және жоғалған әскери талаптардың бланкілерін іздеуге қажетті шаралар қабылдайды;

3) қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері және жоғалған әскери талаптардың бланкілерін іздеуге қабылданған шаралар туралы өзінің тура бастықтарына баяндайды және әскери қатынастар органдарының қолбасшылығына хабарлайды.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127-1. Алуды, сақтауды, есептен шығару мен жоюды тексеру үшін ішкі тексеру комиссиясы тағайындалады, ол жартыжылда бір реттен сиретпей:

1) әскери талапты алуды, есепке алу мен сақтауды;

2) есепке алу деректері бойынша әскери талаптың және оның түбіртегінің нақты болуын, әскери талапты дұрыс толтыруды және қол қоюды, сондай-ақ оны беру үшін негіздеменің болуын;

3) әскери талапты есептен шығаруды және жоюды тексереді.

Әрбір тексеру осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі тексеру комиссиясының актісімен ресімделеді.

Ескерту. Қағидалар 127-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Әскери талаптарды толтыру, қол қою және беру кезіндегі жалпы талаптар

128. Әскери талапты беру үшін жауапты лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың деректеріне сәйкес әскери жолаушының әскери атағын, тегі мен инициалдарын;

2) станцияның атауын дұрыс және айқын көрсетеді.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Әскери талаптарға және олардың түбіртектеріне әскери бөлімнің командирі, жергілікті әскери басқару органының басшысы қолтаңбасын қояды.

130. Әскери талаптар мен олардың түбіртектеріне қолтаңба қою кезінде "Қолтаңба" деген жолда лауазымы мен әскери атағын көрсетусіз қол қоятын адамның тегі мен аты-жөнінің бас әріптері көрсетіледі.

131. Әскери талаптарға қол қоятын лауазымды адамдар оларды беру заңдылығына, олардағы көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына және нақтылығына жауапты болады.

132. Қол қойылған әскери талап пен оның түбіртектері әскери бөлімнің елтаңбалы мөрімен расталады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Әскери талаптар мемлекеттік немесе орыс тілінде көк түсті сиямен және тек оларды алу, есепке алу, сақтау және беру үшін жауапты адамдарға толтырылады.

134. Толтыруды қажет етпейтін жолдар сызылады. Берілген әскери талаптардың сериялары мен нөмірлері және әскери талаптарды беруге бұйрықтың нөмірі мен күні әскери талаптар бланкісінің өзінде және олардың түбіртектерінде көрсетіледі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 17.05.2019 № 347 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Әскери талаптарды толтыру кезінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді көрсетуге жол берілмейді.

136. Әскери талаптар әрбір әскери талаптардың түбіртегінің артқы жағына қол қойғыза отырып, әскери талаптарда тектері көрсетілетін әскери қызметшілерге беріледі.

137. Берілген әскери талаптың сериясы мен нөмірі әскери қызметшінің нұсқамасында, демалыс билетінде көрсетіледі.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Толтырылмаған әскери талаптарды беруге және шығаруға жол берілмейді.

6-параграф. 1-нысандағы әскери талапты толтыру тәртібі

139. "№ ___ дербес шот" деген жолда әскери қатынастар органдарының қолбасшылығы берген дербес шоттың нөмірі қойылады.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. "..бастап" және "..дейін" деген 1 жолда жөнелту және баратын станциялардың атаулары көрсетіледі.

141. 2 жолда поезд бен вагонның санаты толтырылады, мысалы: "кез келген санаттағы поездың купе вагонында", "кез келген санаттағы поездың плацкارت вагонында".

142. 3 жолда:

1) әскери қызметшілер үшін – әскери атағы, тегі мен аты-жөнінің бас әріптері; мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін әскери атағынан кейін – "м/қ" белгісі, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер үшін – "к/б" белгісі қойылады;

2) әскери қызметшілердің отбасы мүшелері үшін – туыстық дәрежесі, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, кәмелетке толмаған балаларының туылған күндері;

3) әскери командаларды (қарауылдарды) тасымалдау кезінде – әскери команда (қарауыл) бастығының әскери атағы, тегі және оның саны толтырылады.

143. "Барлығы ақы төлеген жолаушылар: ересектер, балалар" деген 4 жолда – ересек жолаушылар және бөлек – балалар саны (жазбаша). Ақы төлейтін жолаушылар саны "Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 болып тіркелген) көрсетіледі (толтырылады).

144. "Плацкарттар саны" деген 5 жолда алынған орындардың саны жазбаша көрсетіледі.

145. "Жеткізу мақсаты" деген 6-жолда "тасымалдаудың мынадай мақсаттарының бірі толтырылады: "әскерге шақыру", "демалыс", "емделу", "жаңа қызмет орнына", "жұбайының (зайыбының) қызмет орнына", "жұмыстан босату", "қарауыл", "оқу орнына", "жұбайының (зайыбының) оқу орнына", "ҚР ҚК жоспары бойынша", "тағылымдама", "далалық жорық", "оқу-жаттығу", "парад", "жүк – 300", "қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасы", "тергеу іс-шаралары", "сот отырысына қатысу үшін", "жарыс".

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. "Берілген күн" деген 7-жолда берілген күні көрсетіледі.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. "... дейін жарамды" деген 8-жолда әскери талаптың қолданылу мерзімінің аяқталған күні жол жүру құжатын (билетті) сатып алған күнге көрсетіледі.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. "Қолтаңба" деген жолда әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының аты-жөнінің бас әріптерін және тегін көрсете отырып, қолтаңба қойылады.

7-параграф. 2-нысандағы әскери талапты толтыру тәртібі

149. "№ ___ дербес шот" деген жолда әскери қатынастар органдарының қолбасшылығы берген дербес шоттың нөмірі қойылады.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. "№ ___ әскери эшелон (көлік)" деген жолда әскери тасымалдаулар жоспарына сәйкес берілген әскери эшелонның (көліктің) нөмірі көрсетіледі;

151. "№ ___ жол ведомосына" деген жолда жөнелту станциясына берілетін жол ведомосының (жүкқұжаттың) нөмірі көрсетіледі.

152. "Әскери тасымалдауға ... – жылдамдығымен" деген жолға жазбаша "жүк" қойылады.

153. "Жөнелту станциясы" және "Баратын станция" деген жолда жөнелту және баратын станцияның атауы көрсетіледі.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. "Жөнелтуші", "Жөнелтушінің мекенжайы" және "Алушы", "Алушының мекенжайы" деген жолдарда шартты, ал ол болмаған кезде – жөнелтушінің немесе алушының нақты атауы, елді мекендердің атауы көрсетіледі.

155. "Орындар саны" деген бағанада вагонда жүктер алатын орындардың саны көрсетіледі.

156. "Буып тую түрі" деген бағанада жүкті орнында буып тую үшін қолданылатын ыдыс көрсетіледі.

157. "Жүктің (көрсетілетін қызметтердің) атауы" деген бағанада әскери эшелон (көлік) құрамында тасымалданатын жүктің атауы, қарауыл бастығының (бірге жүретін адамдардың) тегі және аты-жөнінің бас әріптері көрсетіледі.

158. "Жүк массасы айқындалған" деген бағанада жөнелтуші (әскери бөлім, мекеме) айқындаған жүктің неттосы көрсетіледі.

159. "Берілген күні" деген жолда берілген күні көрсетіледі.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

160. "... дейін жарамды" деген жолда әскери талаптың қолданылу мерзімінің аяқталған күні көрсетіледі.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. "Қолтаңба" деген жолда әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының тегі мен аты-жөнінің бас әріптерін көрсете отырып қолтаңба қойылады.

162. 2-нысандағы әскери талаптың артқы жағында:

1) "Вагон түрі" деген бағанада – вагонның қысқартылған атауы;

2) "вагон №" деген бағанада – вагонның нөмірі;

3) "Жүккөтергіштігі" деген бағанада – көлік құралының трафаретіне қойылған көтеру күші;

4) "Жүк салмағы" деген бағанада – жүгі бар вагондар үшін – жүк неттосы, қарауыл (адамдар) бар вагондар үшін – 33 тонна көрсетіледі.

8-параграф. 3-нысандағы әскери талаптарды толтыру тәртібі

163. "№ ___ дербес шот" деген жолда әскери қатынастар органдарының қолбасшылығы берген дербес шоттың нөмірі қойылады.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2021 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. "Жөнелту станциясы" және "Баратын станция" деген жолда жөнелту және баратын станцияның атауы көрсетіледі.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. "Жөнелтуші", "Жөнелтушінің мекенжайы" және "Алушы", "Алушының мекенжайы" деген жолдарда шартты, ал ол болмаған кезде – жөнелтушінің және алушының нақты атауы, елді мекендердің атауы көрсетіледі.

166. "Орындар саны" деген бағанада вагондағы жүктің алатын орындарының саны көрсетіледі.

167. "Жүк (көрсетілетін қызметтердің) атауы" деген бағанада тасымалданатын жүктің (көрсетілетін қызметтердің) атауы жазбаша көрсетіледі.

168. "Жүк салмағы" деген жолда жөнелтуші (әскери бөлім, мекеме) айқындаған жүктің неттосы көрсетіледі.

169. "Берілген күні" деген жолда берілген күні көрсетіледі.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. "... дейін жарамды" деген жолда әскери талаптың қолданылу мерзімінің аяқталған күні көрсетіледі.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. "Қолтаңба" деген жолда әскери бөлім командирінің, жергілікті әскери басқару органы басшысының аты-жөнінің бас әріптерін және тегін көрсете отырып, қолтаңба қойылады.

9-параграф. Ішкі тексеру комиссиясы жұмысының тәртібі

Ескерту. 9-параграф алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери
тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
1-қосымша
Нысандар

Әскери талаптардың нысандары

1-нысандағы әскери талап

	Дербес шот № _____ лицевой счет	ҚР-001 № 0000001	1-нысан Форма 1
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ӘСКЕРИ ТАЛАП ВОИНСКОЕ ТРЕБОВАНИЕ			
әскери жолаушылардың жол жүруін ресімдеуге для оформления проезда воинских пассажиров			
1. От _____ <small>(көнетпту станциясы/станция отправления)</small>	бастап/ До _____ <small>(баратын станциясы/станция назначения)</small>	дейін	
2. _____ <small>(поезд, вагонның санаты/категория поезда, вагона)</small>			
3. _____ <small>(әскери атағы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері/воинское звание, фамилия, инициалы, туыстық дәрежесі, балалардың туылған күні/ степень родства, даты рождения детей)</small>			
4. Ақы төленген жолаушылардың барлығы: ересектер _____ Всего платных пассажиров: взрослых <small>(жазбаша/прописью)</small>		балалар _____ детей <small>(жазбаша/прописью)</small>	
5. Плацкарттар саны Количество плацкарт <small>(жазбаша/прописью)</small>	6. Тасымалдау мақсаты Цель перевозки _____		
7. Берілген күні 20 ____ ж. « ____ » _____ Дата выдачи <small>(жазбаша/прописью)</small>		Қолтаңба _____ Подпись <small>(тегі, аты-жөнінің бас әріптері/фамилия, инициалы)</small>	
8. Действителен до 20 ____ ж. « ____ » _____ дейін жарамды <small>(жазбаша/прописью)</small>		М.О.	

2-нысандағы әскери талап

Дербес шот № _____
Губерновской счет

ҚР-002 № 0000001

2-нысан
Форма 2**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ**
ӘСКЕРИ ТАЛАП
ВОЙНСКОЕ ТРЕБОВАНИЕәскери жүктерді тасымалдауды ресімдеуге
для оформления перевозки воинских грузов

Әскери эшелон (көлік)/воинский эшелон (транспорт) № _____

К дорожной ведомости № _____ жол ведомосына

Әскери тасымалдауға жылдамдығымен
На воинскую перевозку _____ скоростью

Жөнелту станциясы Станция отправления		Баратын станциясы Станция назначения	
Жөнелтуші Отправитель		Алушы Получатель	
Жөнелтушінің мекенжайы Адрес отправителя		Алушының мекенжайы Адрес получателя	

Орындар саны Количество мест	Буып түю түрі Род упаковки	Жүктің (көрсетілген қызметтердің) атауы Наименование груза (оказываемых услуг)	Жүк массасы айқындалған Вес груза определен	
			жөнелтушімен отправителем	көлік органдармен трансп. орган.


Берілген күні 20 ____ ж. « ____ » _____
Дата выдачи (жазбаша/прописью)

М.О.

Қолтаңба _____
Подпись (тегі, аты-жөнінің бас әріптері
фамилия, инициалы)Действителен до 20 ____ ж. « ____ » _____ дейін жарамды
(жазбаша/прописью)

№	Вагон түрі Род вагона	Вагон нөмірі Номер вагона	Жүктергіштігі Грузоподъемность	Жүк салмағы Вес груза	№	Вагон түрі Род вагона	Вагон нөмірі Номер вагона	Жүктергіштігі Грузоподъемность	Жүк салмағы Вес груза	№	Вагон түрі Род вагона	Вагон нөмірі Номер вагона	Жүктергіштігі Грузоподъемность	Жүк салмағы Вес груза
1					16					31				
2					17					32				
3					18					33				
4					19					34				
5					20					35				
6					21					36				
7					22					37				
8					23					38				
9					24					39				
10					25					40				
11					26					41				
12					27					42				
13					28					43				
14					29					44				
15					30					45				

3-нысандағы әскери талап

 <p>Дербес шот № _____ ҚР-003 № 0000001 3-нұсқа Форма 3</p> <p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ӘСКЕРИ ТАЛАП ВОЙНСКОЕ ТРЕБОВАНИЕ</p> <p>бағажбен, жүк бағажбен әскери жүктерді тасымалдауды ресімдеуге для оформления перевозки военных грузов багажом, грузобагажом</p>		
Жөнелту станциясы Станция отправления	Баратын станция Станция назначения	
Жөнелтуші Отправитель	Алушы Получатель	
Жөнелтушінің мекенжайы Адрес отправителя	Алушының мекенжайы Адрес получателя	
Орындар саны Количество мест	Жүк (көрсетілетін қызметтердің) атауы Наименование груза (оказываемых услуг)	Жүк салмағы Вес груза
Берілген күні 20 ____ ж. « ____ » _____ Дата выдачи (жазбаша/прописью)		
Действителен до 20 ____ ж. « ____ » _____ дейін жарамды (жазбаша/прописью)		
Қолтаңба _____ Подпись (тегі, аты-жөнінің бас әріптері/ фамилия, инициалы)		
М.О. _____		

Ескертпе:
Бір жөнелтуге орындар санына, тасымалданатын жүктің атауы мен салмағына қарамастан әскери талаптын бір бланкісі беріледі.
Примечание:
Независимо от количества мест, наименования и веса перевозимого груза на одну отправку выдается один бланк военного требования.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери
тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
2-қосымша
Нұсқа
00000 әскери бөлімінің
командиріне

Әскери талаптарды беру немесе ауыстыру туралы жеделхат (телефоннограмма)

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және

оларға ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің

20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ бұйрығының ____ тармағына сәйкес әскери жолаушы

(әскери атағы, тегі, аты және болған кезде әкесінің аты)

__ бағыты бойынша жол жүру үшін № _____ әскери талаптар берілгенін,

ауыстырылғанын хабарлаймын.

Әскери комендант _____

_____ (әскери атағы, қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери
тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Отбасы мүшелері туралы АНЫҚТАМА

_____ (әскери атағы, тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты)

оның жеке ісінде жазылғанын және оның асырауындағы:

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

_____ (тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)
отбасы мүшелері бар екені туралы растайды.

Командир (бастық) _____

_____ (әскери атағы, қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери

тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Әскери талапты алмағаны туралы АНЫҚТАМА

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ берілді.

(туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Оған және отбасы мүшелеріне:

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

_____ (туыстық дәрежесі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні)

әскери талап берілген жоқ.

Командир (бастық) _____

(әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери
тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Жоюға рұқсат етемін

_____ (лауазымы)

_____ (әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

20__ ж. " __ " _____

**Әскери талапты жою
АКТІСІ**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 28.12.2023 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ ж. " __ " _____ к.

Мынадай құрамдағы комиссия

_____ (комиссия төрағасы мен мүшелерінің атқаратын лауазымы,

_____ әскери атағы, тегі мен инициалы)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 8 тамыздағы № 428 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидаларының ___-тармағына (тармақшасына) сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15676 болып тіркелген) пайдаланылған және бүлінген әскери талаптың түбіртегін есептен шығару және жою үшін іріктеді:

Р/с №	Әскери талаптың сериясы мен нөмірі	Саны	Пайдаланылған кезең	Тексерілген жыл	Тексерушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
1	2	3	4	5	6

Барлығы _____ атау жойылуға тиіс, актінің жазбалары (жазбаша)

есептік деректермен салыстырып тексерілді.

Комиссия төрағасы:

_____ (әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

Комиссия мүшелері:

_____ (әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

_____ (әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

Атап көрсетілген құжаттарды жоюға рұқсатты алғаннан кейін есепке алу кітабындағы жазбалармен салыстырып тексердік және

_____ (жою тәсілі көрсетілсін)

арқылы толық жойдық.

Комиссия төрағасы:

2	Есепті кезеңде түскені: 1) _____ _____ 2) _____ _____ 3) "1)" және "2)" тармақшада кімнен түскені көрсетіледі ЖИЫНЫ:						
3	Есепті кезеңде жұмсалғаны (берілгені/ бөлінгені)						
4	Басқа әскери бөлімге (мекемеге) берілгені						
5	20 _____ жылғы 1 қаңтардағы қалдық						

Ескертпе:

1. Есеп беру жылына бір рет жасалады және әскери бөлім командирі, жергілікті әскери басқару органының басшысы 5 қаңтарға қарай ұсынады.

2. Есептіден кейінгі _____ жылғы 1 қаңтарда бланк қалдығы сериясы мен нөмірі бойынша жеке парақта көрсетіледі және есеп беруге қоса беріледі.

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалы және тегі)

М.О.

20 ____ ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде әскери
тасымалдарды ресімдеу және
оларға ақы төлеу қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Ішкі тексеру комиссиясының АКТІСІ

Мынадай құрамдағы комиссия _____

(комиссия төрағасы мен мүшелерінің

әскери атақтары, тектері мен аты-жөнінің бас әріптері)

00000 әскери бөлімі командирінің 0000 жылғы 00.00. № 00 бұйрығы негізінде мыналар:

әскери талаптарды есепке алуға, сақтауға (кемшіліктер жазылады, кемшіліктер болмаған жағдайда "әскери талаптарды есепке алу, сақтау Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидаларының талаптарына сәйкес" деп көрсетіледі);

әскери талаптардың және олардың түбіртектерінің есепке алу деректері бойынша нақты бар болуына, әскери талаптарды дұрыс толтырылуы мен қол қойылуына;

әскери талаптарды беру үшін негіздемелердің бар болуына;

әскери талаптарды есептен шығаруға және жоюға тексеру жүргізілді.

Тексеру күнінде (20____ жылғы 00.00.) таза бланкілердің қалдығы:

Р/с №	Әскери талаптың атауы	Саны	Әскери талаптардың сериялары мен нөмірлері
1	1-нысандағы әскери талап	1000	ҚР-001 № 0000001-0001000
2	2-нысандағы әскери талап	1000	ҚР-002 № 0000001-0001000
3	3-нысандағы әскери талап	1000	ҚР-003 № 0000001-0001000
	Жиыны:	3000	

Комиссия төрағасы: _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)

М.О.

Комиссия мүшелері: _____

(әскери атағы, қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)

(әскери атағы, қолы, аты-жөнінің бас әріптері және тегі)